

# Шұбар тауық ертегісі



Ертеде бір кемпір мен шал
өмір сүріпті.



Олардың шұбар тауығы болыпты.



**Күндердің күнінде тауық жұмыртқалайды.**



**Ол жай жұмыртқа емес**
**алтын жұмыртқа табады.**



**Шал ұрып-ұрып сындыра алмайды.**



**Кемпір ұрып-ұрып сындыра алмайды.**



**Тышқан жүгіріп бара жатып құйрығымен қағып кетеді, жұмыртқа еденге түсіп, жарылып қалады.**



**Шал мен кемпір қайғырып жылайды.**



**Тауық қастарына келіп: қыт-қыт-қыт!**
**Ата,әже жыламаңыздар!**



Мен сендерге алтын емес,
кәдімгі жұмыртқа тауып
беремін.

**Соң
ы.**